

Көбіне Интернет арқылы киім, аяқ киім, спорттық тауарлар, азық-түлік, дәрі-дәрмектер, косметика және үйде пайдалануға арналған тауарлар сатып алынады.

2021 жылға Интернет желісі арқылы тапсырыс берілген тауарлар мен қызметтерді жеткізу тәсілдерінің түрлері бойынша пайдаланушыларды бөлу



70,4%

кәдімгі пошта (курьерлік) қызметтерін немесе жеткізудің басқа нысандарын пайдалана отырып жеткізу



15,2%

веб-сайттан немесе қосымша, бағдарламалық қамтамасыз ету немесе басқа құрылғы арқылы жүктеу арқылы онлайн/электронды жеткізу



32,8%

сату немесе сервистік қызмет көрсету пунктiнен өздігінен алып кету

Белгілі бір уақыт аралығында (мысалы, соңғы үш ай) белгілі бір компьютерлік дағдыларды меңгерген жастардың (15-24 жас) және ересектердің (15 жастан асқан) пайызы ретінде анықталатын дағдылар түрі бойынша АКТ дағдылары бар жастар мен ересектердің үлесі.

АКТ дағдылары ақпараттық және коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалануды анықтайды.

2021 жылға АКТ саласында дағдылары бар жастардың/ ересектердің үлесі

	пайызбен	
	15-24 жас	15 жас одан жоғары
Файлды немесе папканы көшіру немесе орнын ауыстыру	33,5	27,2
Құжаттағы ақпараттың көшірмесін алу немесе орнын ауыстыру үшін ақпаратты немесе ақпараттың бөлігін көшіру және орнына қою құралдарын пайдалану	20,3	16,6
Файлдар салынған электронды поштаны (құжат, фотосурет, бейнежазба) жөнелту	59,5	53,7
Ехсел электрондық кестелер редакторында жұмыс істеу (кестелерде негізгі арифметикалық формулаларды пайдалану)	52,0	43,7
Жаңа құрылғыларды (принтер, модем және камера) қосу және орнату	21,6	18,4
Бағдарламалық қамтамасыз етуді іздеу, жүктеу және орнату	21,9	19,1
Графикалық редакторда жұмыс істеу (презентация, мәтін, сурет, дыбыс, бейнежазба немесе диаграмманы қоса алғанда)	32,8	24,5
Компьютерлер мен басқа құрылғылар арасында файлдар жөнелту	25,4	21,8
Арнайы бағдарламалық тілді пайдаланумен компьютерлік бағдарламалар әзірлеу	9,0	7,2

Қысқаша әдіснамалық түсіндірмелер

Интернет желісін пайдаланушылар - соңғы үш айда кемінде бір рет кез келген құрылғы арқылы және кез келген жерде (жұмыста, үйде, оқу орны бойынша және қоғамдық орындарда) Интернет желісіне қосылған тұлғалар.

Компьютер пайдаланушылары - соңғы үш айда кем дегенде бір рет компьютерді (жеке компьютер, планшет, ноутбук) кез-келген жерде (жұмыста, үйде, оқу орнында және қоғамдық орындарда) қолданған адамдар.

Компьютерлік сауаттылық деңгейі - компьютерді және онымен байланысты технологияларды білу және тиімді пайдалана білу.

Компьютерге жұмыс үстелі компьютері, портативті (портативті) компьютер немесе планшет (немесе ұқсас қалта компьютері) сияқты ұғымдар кіреді. Бұған ақылды теледидарлар немесе ұялы телефондар сияқты кейбір кіріктірілген есептеу қабілеттері бар жабдықтар кірмейді.

Сізге едәуір толық ақпарат керек пе?

Республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының барлық негізгі индикаторларын Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсында табуға болады.

Сұрақтарыңыз қалды ма?

Қызмет көрсету және энергетика статистикасы департаментіне хабарласыңыз

Департамент директоры
Гүлмира Сайлаубекқызы Қарауылова
Тел. +7 7172 74 90 60
E-mail: g.karauova@aspire.gov.kz

Біздің мекенжайымыз:
010000, Қазақстан Республикасы
Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8
Министрліктер Үйі, 4 кіреберіс
Ақпараттық қызмет +7 7172 749010, 749011
Факс: +7 7172 749546
E-mail: e.stat@aspire.gov.kz
Интернет-ресурсы: <http://www.stat.gov.kz>

Таралымы: 100 дана



Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

www.stat.gov.kz

Қазақстан Республикасында халықтың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануы



Сіз білесіз бе...

- Жердің әрбір екінші тұрғыны Интернетке қосылды

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Ұлттық статистика бюросы (бұдан әрі – Бюро) үй шаруашылықтарының ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануы туралы статистиканы 2004 жылдан бастап қалыптастырады.

Ақпараттық-коммуникациялық технология (бұдан әрі – АКТ) электрондық ақпараттық ресурстармен жұмыс істеу әдістерінің және аппараттық-бағдарламалық кешен мен телекоммуникациялар желілерін қолдана отырып жүзеге асырылатын ақпараттық өзара іс-қимыл әдістерінің жиынтығы түсініледі.

Интернет – элементтері бір-бірімен TCP/IP хаттамасына негізделген бірыңғай мекенжай кеңістігі арқылы байланысқан, пайдаланушыларға көптеген ақпараттық және бизнес ресурстарға және электрондық поштаға қол жеткізуге мүмкіндік беретін ақпараттық жүйе.

Цифрландыру ел мен тұтас өңірлер экономикасының келбеті мен құрылымын өзгертеді. Кейбір мамандықтар жоғалады, басқалары пайда болады. Халықтың сатып алу қабілеті артып, тауарлар мен қызметтер қол жетімді бола бастады. Цифрландыру адам өмірінің әлеуметтік парадигмасын өзгертеді. Ол жаңа білім алуға, көкжиегін кеңейтуге, жаңа кәсіптерді игеруге және біліктілікті арттыруға бұрын-соңды болмаған мүмкіндіктер ашады. Салаішілік бәсекелестік өсуде, нарықтар кеңеюде, әлемдік нарықтардағы жекелеген елдердің салаларының бәсекеге қабілеттілігі артып келеді. Цифрлық мүмкіндіктерді белсенді игеретін компаниялар мен халық көп нәрсеге қол жеткізіп, нақты экономикалық пайда көреді. АКТ пайдаланатын үй шаруашылықтарына зерттеу жүргізу кезінде статистикалық бірліктер үй шаруашылықтары мен отбасы мүшелері болып табылады.


АКТ саласындағы негізгі көрсеткіштер бойынша динамика

	2018	2019	2020	2021
Халықтың цифрлық сауаттылық деңгейі, %	79,6	82,1	84,1	87,3
6-74 жас жастағы компьютерді пайдаланушылар үлесі, %	80,3	82,2	85,8	89,2
6-15 жастағы компьютерді пайдаланушылар үлесі, %	76,9	80,8	86,4	89,5
6-74 жастағы Интернет желісін пайдаланушылар үлесі*, %	81,3	84,2	88,2	92,9
6-15 жастағы Интернет желісін пайдаланушылар үлесі, %	72,9	75,0	85,3	91,5


* Ұтқыр Интернет пайдаланушыларды есепке алумен.

2021 жылы дүниежүзілік Интернет желісінің қызметін 6-74 жастағы Қазақстандықтардың 92,9% пайдаланды, ал 6-74 жастағы халықтың цифрлық сауаттылық деңгейі 87,3% құрады.

2021 жылға халықтың АКТ-ны пайдалануы



2021 жылға халықтың компьютерлік сауаттылық деңгейі




6 жас және одан жоғары жастағы жалпы халық санынан өздерін компьютерлі-сауаттылардың қатарына халықтың 93,9% жатқызады.


АКТ-ның қарқынды дамуы мен бейімделуі экономикалық көрсеткіштерге ғана емес, сонымен қатар адамдардың өмір салтына да әсер ете отырып, қоғамды жаңғыртудың маңызды факторларына айналады, бұл АКТ-ның дамуының экономика мен қазіргі Қазақстан азаматтарының өмірі үшін маңыздылығын сипаттайды. Соңғы жылдары Қазақстанның АКТ секторында айтарлықтай жетістіктері байқалады.

Бүгінгі таңда үй шаруашылықтарының 94,5% Интернет желісіне қол жеткізе алады.

2021 жылға Интернет желісіне қатынау мүмкіндігі бар үй шаруашылықтарының үлесі



Интернет желісіне кең жолақты қол жетімділігі бар үй желілерінің ену деңгейі



Интернет желісін пайдаланудың негізгі мақсаттарына пайдаланушылардың 68,5%-ы ақпаратты орналастыру немесе хабарламалармен шапшаң алмасуды, 65,5%-әлеуметтік желілерде қатысуды, 53,4%-ы фильмдерді, суреттерді, музыканы жүктеу, видео көру, музыка тыңдау, ойын ойнау немесе ойындарды жүктеуді, 36,9%-ы тауарлар мен қызмет көрсетулер туралы ақпараттарды алуды көрсетті.

2021 жылға Интернет желісін пайдаланудың негізгі мақсаттары



2021 жылға Интернет желісін пайдаланудың негізгі орындары



2021 жылға Интернет желісі арқылы тапсырыс берілген қызметтер мен тауарлар бойынша пайдаланушыларды бөлу

